

**«Дана» бөбекжай балабақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

**Педагогикалық кеңес
хаттамалары
2022-2023 оқу жылы**

«Дана» бөбекжай балабақшасы
Педагогикалық кеңес хаттамасы № 1

Откен күні: 31.08.2022 жыл
Катысқандар: 11
Катыспағандар: _____

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндettі стандарты мен үлгілік оқу жоспарына енгізілген өзгерістер» Баяндама
2. Нормативтік құжаттар мен 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін үйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатын таныстыру және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту модельінің міндettтерін қарастыру.
3. Педагогикалық ұжымды жаңа 2022-2023 жылдарға арналған жылдық жоспармен таныстырып бекіту, педагог қызметкерлер мен көмекші тәрбиешілерді топтарға бекіту.
4. Балабакшаның күн тәртібі мен үйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін, вариативтік жоспарларын, 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбиешілердің перспективалық, циклограммалық жоспарларын бекіту.
5. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда ұлттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларына қалыптастыру» Баяндама
6. Педагогтардың шығармашылық тақырыптарын бекіту.
7. Шығармашылық топ құрамын бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ: Бөбекжай балабакша менгерушісінің м.у.а. Ж.Арынбаева сөз алғы №1 педагогикалық кеңесінің күн тәртібімен ұжымды таныстырып өтті. 2022-2023 оқу жылымен педагог қызметкерлерді құттықтай отырып, ұжымға жаңа оқу жылында творчестволық табыстар тіледі. Ж.Арынбаева «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндettі стандарты мен үлгілік оқу жоспарына енгізілген өзгерістер» тақырыбында баяндама жасады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың маңызы әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар незінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу екендігін айтты. Енгізілген өзгерістерге сәйкес бес білім саласының орнына мына бағыттар бойынша: физикалық дамыту; коммуникативтік дағдыларды дамыту; шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылатыны жөнінде түсіндірді. Стандарт талаптарына сәйкес әзірлеген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес үйымдастырылған іс-әрекеттер кіріктіріліп етілетінін айтты. Сондай-ақ жыл сайынғы өтпелі тақырыптар, сағат сандары мен үйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы жоқ екендігін айттып, үлгілік оқу жоспарында көрсетілгендей дene шынықтыру мен музика және қазақ тілі үйымдастырылған іс-әрекеттері кестеде жоспарланатынын айтты. Ал қалған іс-әрекеттер күн сайын күні бойы режимдік сәттерде етілетінін айтты.

ТЫҢДАЛДЫ: Келесі күн тәртібіндегі мәселеге байланысты балабакша менгерушісінің міндettін уақытша атқарушы Ж.Арынбаева сөзін жалғастырды. Өз сөзінде нормативтік құжаттар мен 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін үйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатын таныстырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту модельінің міндettтері қарастырылатыны жайлы айтты. Әдістемелік нұсқау хат 2022-2023 оқу жылында педагогтерге

2

тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастырудың әдістемелік көмек көрсетуге арналғандығын айтты. Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оку жылындағы негізгі міндеттерді атай отырып, аталған міндеттер бойынша жұмыстар жүргізілетіні жайлы айтты. Сондай-ақ әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері жайлы сөз сөйлемді. Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту бойынша бағыттарды атады. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың қызығушылықтарына мән беріп, тиісті жұмыстар жоспарлану қажеттігін айтты. Органғы топтан бастап мемлекеттік тілді менгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оку бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үрету, ауызекі байланыстырып сөйлеуді дамыту ұсынылатыны жайлы айттылды. Күн сайын балаларға кітап оқып беріп, оқылған шығармаларынан әсер алуға ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тактикалық, өлеңдер жаттату, топтарда кітап бұрышын ұйымдастыратыны жайлы айтты. Сондай-ақ жылына бір рет жасалатын перспективалық жоспар мен әр аптаға түзілетін циклограмма жоспарлары туралы да түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Бебекші балабакша менгерушісінің м.у.а. Ж.Арынбаева Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін педагогтарға қайта таныстырып, ондағы басты міндеттерін атап өтті. Мектепке дейінгі ұйымдардың өз қызметінде басшылыққа алатын бірқатар нормативтік құжаттар тізбесімен таныстырып өтті.

Бебекші балабакша менгерушісінің м.у.а. Ж.Арынбаева жоғарыда аталған өзгерістер мен ұсыныстарды жұмыс барысында басшылыққа алынуы үшін балабакшаның жылдық жоспары түзілгендігін және бекітілетінін айтты. Жылдық жоспардың жыл бойына алған міндеттерін таныстыра келе, оған орай өтілетін іс-шаралар мазмұнын да таныстырып өтті. Жауаптылар мен іс-шаралардың өтілу мерзімінің де айқын екендігін айтты. 2022-2023 оку жылында менгеруші педагогтарды топтан топқа ауыстыруды. Мақсаты әр педагог тек бір ғана жас тобында қылыш коймай барлық топта жұмыс жасап өз тәжірибесін шындалап, білімін арттыру деп атап өтті. Тәрбиешілер мен бірге көмекші тәрбиешілердің де орнын ауыстырып, төмендегідей топтарға бекітілді:

Ерте жас топ – негізгі тәрбиеші К.Ахтаева, ауыстырушы тәрбиеші А.Ержанова

Көмекші тәрбиеші С.Бертебаева

Кіші топ – негізгі тәрбиеші Г.Сабыркулова, ауыстырушы тәрбиеші З.Халилаева

Көмекші тәрбиеші Ұ.Елемесова

Органғы топ – негізгі тәрбиеші С.Нағжанова, ауыстырушы тәрбиеші М.Коспанова

Көмекші тәрбиеші А.Нұрлыбаева

Ересек топ – негізгі тәрбиеші Д.Давранова, ауыстырушы тәрбиеші А.Тлеуова.

Көмекші тәрбиеші А.Омарбекова

Балабакша әдіскері З.Халилаева балабакшаның күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін, вариативтік жоспарларын, 2022-2023 оку жылына арналған тәрбиешілердің перспективалық, циклограммалық жоспарларын бекітуді сұрады. Балабакшаның күн тәртібі режимдік сәттерден құралып, көрсетілген уақыттарында орындалу қажеттігін айтты. Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесіне дene шынықтыру, музика, ортанғы және ересек топтарында қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері жоспарланса, қалған іс-әрекеттер күн тәртібінің режимдік сәттерінде күн сайын өтілетінін айтты. Сондай-ақ вариативтік жоспарлардың Органғы «Көгершін» топта «Ертегілер елінде», Ересек «Күншуак» тобында «Жапсыру», «Қызықты математика» тақырыптарында жоспарланғандығын айтты. Менгеруші м.у.а. Ж.Арынбаевадан педагогтердің

ұйымдастырылған іс-әрекет кестелері мен вариативтік жоспарларын бекітіп беруін сұранды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Бебекшай балабакша менгерушісінің м.у.а. Ж.Арынбаева әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабактастық қағидасын сақтай отырып беру қажеттігін, әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны құру қажеттігін айтты. Орталықтар балаларға қолжетімді боллуы қажеттігін тәрбиеші мамандарға ескертті. Педагогтің міндеті – өзінің түсіндіруіне көп уақыт бөлмей, балаларды шаршатпай, жалықтырмай қызықтыра білу. Балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ойын түрінде балалар әрекеттерін ұйымдастыру қажеттігін айтты. Бебекшай балабакша менгерушісінің м.у.а. Ж.Арынбаева мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын менгеру бойынша мониторинг жүргілетініні жайлы айтты.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабакша әдіскері З.Халилаева «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда ұлттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларына қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды.

«Қазіргі танда қоғамның әлеуметтік сұранысының негізі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұл жеке тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін іс-әрекет түрлері арқылы іске асады. «Баланды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлттыңын тәрбиесімен тәрбиеле» деген екен дана халқымыз. Сондықтан да, санғасырлар бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарымызды оқу-тәрбие процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпактарды сусындарып, ұлтшылдық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындағы қорғайтын, бойында ұлттық санаы қалыптастан тұлғаларды тәрбиелеп шығару – жалпы ұлттың алдында тұрған ұлы міндет болып отыр. Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, моральдық нормалары, ұлттық құндылықтары бар. Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтардың әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше екені белгілі. Сондықтан да әрбір жана ұрпақ ұшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады»

Балабакша әдіскері З.Халилаева балабакша тәрбиешілерінің өз білімдерін арттыру мақсатында жазатын шығармашылық тақырыптарымен таныстырып, бекітіп беруін сұранды. Менгеруші әр тәрбиешінің шығармашылық тақырыптарымен таныса отырып, оларға қысқаша түсініктеме жұмыстарын жүргізді.

Балабакшада педагог мамандардың оқу тәрбие жұмыстарының жүйелі жүруін кадағалап отыру мақсатында шығармашылық топ құрамы бекітілетінін айтты. Шығармашылық топ құрамы төмендегі тізім бойыша құрылсын:

Балабакша менгерушісінің м.у.а - Ж.Арынбаева-шығармашылық топ төрайымы;

Балабакша тәрбиешісі - З.Халилаева-мүшесі;

Балабакша тәрбиешісі – Д.Давранова-мүшесі;

Шығармашылық топ балабакша педагогтеріне дұрыс бағдар беріп, озат тәжірибелерді жинақтауға көмектесіп, кәсіби өсуіне колдау көрсететінін айтты.

ШЕШІМІ:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндепті стандарты мен үлгілік оқу жоспарына енгізілген өзгерістер тәрбиелеу мен оқыту үдерісінде басшылықта алынын.
2. Нормативтік құжаттар мен 2022-2023 оку жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты незінде және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің міндептерін орындау бойынша жұмыстар жүргізілсін.
3. 2022-2023 жылдарға арналған жылдық жоспар бекітілсін, педагог қызметкерлер мен көмекші тәрбиешілер төмендегі тізім бойынша бекітілсін:
 Ерте жас топ – негізгі тәрбиеші К.Ахтаева, ауыстыруыш тәрбиеші А.Ержанова
 Көмекші тәрбиеші С.Бертебаева
 Кіші топ – негізгі тәрбиеші Г.Сабыркулова, ауыстыруыш тәрбиеші З.Халилаева
 Көмекші тәрбиеші Ү.Елемесова
 Ортанғы топ –негізгі тәрбиеші С.Нагжанова, ауыстыруыш тәрбиеші М.Коспанова
 Көмекші тәрбиеші А.Нұрлыбаева
 Ересек топ - негізгі тәрбиеші Д.Давранова, ауыстыруыш тәрбиеші А.Тлеуова
 Көмекші тәрбиеші А.Омарбекова
4. Балабакшаның күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, вариативтік жоспарлар, 2022-2023 оку жылына арналған тәрбиешілердің перспективалық, циклограммалық жоспарлары бекітілсін.
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда ұлттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларына қалыптастыру бойынша жұмыстар қолға алынын.
6. Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бекітілсін.
7. Шығармашылық топ құрамы төмендегі тізім бойынша бекітілсін:
 Балабакша менгерушісінің м.у.а - Ж.Арынбаева-шығармашылық топ төрайымы;
 Балабакша тәрбиешісі - З.Халилаева-мүшесі, хатшы;
 Балабакша тәрбиешісі – Д.Давранова-мүшесі.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:
 Хатшы:

Ж.Арынбаева
З.Халилаева

5

«Дана» бөбекжай балабақшасы
Кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасы № 2

Откен күні: 23.09.2022 жыл
Катысқандар: 11
Катыспагандар: _____

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балабақшада ерте жас тобының жабылуы және аралас топтың құрылуды туралы

ТЫҢДАЛДЫ: Бөбеюкай балабақша менгерушісінің м.у.а. Ж.Арынбаева кезектен тыс ұйымдастырылған педагогикалық кеңесіндегі қаралатын негізгі мәселе жайлышы сөз бастады. Өз сөзінде Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарына 2022 жылға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі облыс әкімінің қаулысы дайындалуда екендігін айтты. Қаулыда бірінші кезекте 3-6 жастағы балаларды қамтамасыз етіп, екінші кезекте 2-6 жастағы балаларды қамту қаралып жатқандығын айтты. Осыған орай балабақшадаға ерте жас «Балапан» тобындағы 1 жасар балаларды балабақшадан шығару қажеттігі жөнінде айтты. Бұл жайлыш ата-аналарға түсіндіру жұмыстары журғізілетіндігін айтты. Түсіндіру жұмыстарына жауапты әдіскер З.Халилаева мен психолог М.Коспановаға тапсырды. Шығарылған балалар қайтадан балабақшага кезекке койылу қажеттігін айтты. Балабақшада ерте жас тобы I кіші «Балапан» тобы болып атауы өзгертіліп, балабақша кезегінде тұрған 2 жастағы балалар қабылданатынын айтты. Ал кіші «Тұлпар» тобына 2-3 жастағы балалар жинақталып, аралас II кіші «Тұлпар» тобы болып атауы өзгерілетінін айтты.


СӨЙЛЕГЕНДЕР: Әдіскер З.Халилаева менгеруші тарапынан берілген тапсырмалардың орындалатынын айтты. Кезекте тұрған 2 жасар балаларды I кіші «Балапан» тобына қабылданатынын айтты. Сонымен катар топ тәрбиешілеріне тәрбиелу мен оқыту үдерісі жөнінде кеңестер мен ұсыныстар берді. Перспектива мен циклограмма жоспарлаудағы сұраптарына жауап берді.

ТЫҢДАЛДЫ: Бөбеюкай балабақша менгерушісінің м.у.а. Ж.Арынбаева алдағы уақыттарда жұмыс барысында топтардың өзгеруіне байланысты тиісті жұмыстар атқарылу қажеттігін айтты. Сондай-ақ II кіші «Тұлпар» аралас тобында 2-3 жастағы балалардың жас ерекшелігін жұмыс барысында ескеріп тәрбиелу мен оқыту процесін дұрыс жоспарлаудың тапсырды. Балабақшада топтардың қайта жасақталуы туралы мәліметті Жетісай аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне тапсыруды әдіскер З.Халилаеваға тапсырды.

Шешім:

Балабақшада ерте жас «Балапан» тобы I кіші «Балапан» тобы болып өзгертіліп, Кіші «Тұлпар» тобы II кіші «Тұлпар» аралас тобы болып бекітілсін.

Педагигикалық кеңестің төрайымы:
Хатшы:



Ж.Арынбаева
З.Халилаева

**«Дана» бөбекжай балабақшасы
Педагогикалық кеңес хаттамасы № 3**

Өткен күні: 28.10.2022 жыл
Катыскандар: 10
Катыспағандар: _____

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. «Заттық кеңістік орта – білім берудің маңызды элементі» Баяндама
3. Психологиялық тренинг
4. «Балалардың коммуникативтілік дағдыларының даму деңгейі»
Тақырыпты тексеру қорытындысы
5. «Балаларды қарым-қатынасқа баулу» тақырыбында балалардың үнін есту бойынша ұсыныстар
6. Тәрбиелеу-білім беру процесіндегі, перспектива мен циклограмма құрудағы туындаған мәселер. Пікір алмасу
7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жыл 14 қазандагы №422 бүйрығы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен таныстыру, мемлекеттік тілді менгерту мақсатында ортағы және ересек топтарында қазақ тілі үйымдастырылған іс-әрекетін үйымдастыру туралы
8. Топтардағы ойын алаңын үйымдастыру бойынша көрме-сайысы

1. ТЫҢДАЛДЫ: Балабакша менгерушусінің м.у.а. Ж.Арынбаева өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы сөз сөйледі. Өз сезінде Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен үлгілік оқу жоспарына енгізілген өзгерістер тәрбиелеу мен оқыту үдерісінде басшылыққа алынып жұмыс жасалынып жатқандығы жөнінде баяндап отті.

2. ТЫҢДАЛДЫ Тәрбиеші Д.Давранова «Заттық кеңістік орта – білім берудің маңызды элементі» тақырыбында өз баяндамасын оқыды. Заттық-дамытушы орта баланың түрлі әрекеттерін қамтамасыз етеді. Мектеп жасына дейінгі баланың негізгі әрекеті ретінде ойын жетекші рөл атқарады. Ойындар балаларды мектепке окуга даярлайды, әр адамға қажетті жеке сапалық көрсеткіштердің алғашқы баспалдағы болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балаға дамытушы заттық орта не үшін қажет? Жеке дамуындағы нақты кезеңдердегі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қажет екенін айтты. Дамыту ортасын үйымдастырып жасақтауда бала дамуындағы маңызды ролі басшылыққа ала отырып үйымдастырылады және онда бала өзін еркін сезіне алуына, денсаулығына нұксан келтірмейіне, дуниетанымын кеңейтуге колайлы жағдай туғызуға аса көп мән берілетінін айтты.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Менгеруші Ж.Арынбаева мектепке дейінгі мекемеде заттық органды үйымдастыру әр тәрбиешінің шеберлігіне байланысты екенін айтты. Дұрыс үйымдастырылған заттық-дамытушы орта балаларда қуаныш сезімін оятып, балабакшага деген жағымды қарым-қатынасын қалыптастыратыны туралы айтып, тәрбиешілерді заттық кеңістік органды дұрыс ірі қызықты үйымдастыруды тапсырды.

3. ТЫҢДАЛДЫ: Психолог М.Коспанова «Мейірімді болса жүрек, орындалар тілек!» тақырыбында педагог қызметкерлермен тренинг өткізді. Мақсаты педагогтардың позитивтік көnlіл-күйін көтеру, жүйке жүйесін демалдыру, бір-біrine деген құндылық, сергектік, адамгершілік қатынасын қалыптастыру және

ұжымды біріктіру. Танысу тренингінен кейін «Көңілді музыка» ойынын айнатты. «Қандай ағашты тандайсыз?» атты тест өткізіп, сергіту жаттығуын да жасатты. Сондай-ақ жағдаяттан шығу жаттығулары орындалды. Тренинг сонында талдау жүргізіп қорытындылады.

4. Эдіскер З.Халилаева «Балалардың коммуникативтілік дағдыларының даму деңгейі» тақырыпты тексеру қорытындысы жайлы сөз сөйлемді. Тексеру барысында топтарда балалардың өз ана тілінде сөйлесуге үйретуде, тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруды олардың сөйлеу тілін дамытуға, сөйлем құрастырып сөйлеуіне, сөздік қорының молауына аса көңіл бөлінгенін айтты. Тексеру қорытындысы бойынша төрт топ тәрбиешілеріне де балалардың сөйлеуін ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар кою арқылы, балаларды көбірек сөйлесуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, олармен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тындау арқылы дамыту ұсынысы берілгендейін айтты.
5. **ТЫҢДАЛДЫ:** Балабакша менгерушісі Ж.Арынбаева «Балаларды қарым-қатынаска баулу» тақырыбында балалардың үнін есту бойынша ұсыныстар берді. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, казақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, енбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, оқылған шығарманы балалардың өз түсінгендегі бойынша айтқызу) театрландырылған, дербек және басқа да әреке түрлері арқылы балалардың үнін естуге болатынын айтты. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын менгертуде тәрбиеші өз шеберлігін колдану қажеттігін айтты.
6. **ТЫҢДАЛДЫ:** Эдіскер З.Халилаева тәрбиелеу-білім беру процесіндегі, перспектива мен циклограмма құрудағы туындаған мәселелер туралы тәрбиешілердің пікірлерін тындауды ұсынды. Тәрбиеші Д.Давранова перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы незінде бір айға міндеттерін айқындаپ жазғандықтарын айтты. Циклограмма құруда тәрбиешілерге қындық түшп жатқандығын айтты. Енгізілген өзгерістерге байланысты тәрбиешілер бұл жүйеге жайлап үйреніп, қалыптасып жатқандығын айтты. Күн сайынғы өтілетін ұйымдастырылған іс-әрекеттерді режимдік сәттерге кіркітре отырып ұйымдастыруға тәрбиешілер дағыланып жатқандығын айтты.

Тәрбиеші С.Нағжанова ұйымдастырылған іс-әрекеттер ойын түрінде өтілуі балаларға тиімді болып жатқандығын айтты, балалар қызығушылықпен ойнай отырып, тапсырмаларды орындаپ, тәрбиешінің нақты мақсатына жетуіне ықпал етіп жатқандығын айтты.

7. **ТЫҢДАЛДЫ:** Менгеруші Ж.Арынбаева Қазақстан Республикасы Оку-агарту министрінің 2022 жыл 14 қазандагы №422 бүйріғы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен таныстырып өтті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Занына, Қазақстан Республикасы Оку-агарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйріғымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес әзірленген. Бағдарламаның мақсаты: әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу. Бағдарламаның міндеттері мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың

даралығы мен субъективтілігін қолдауга бағытталған дамытушы заттықкеністіктік ортаны, оның ішінде арнағы органды күру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктілері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабактастыры мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте окуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін ең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады. Жаңа үлгілік оку бағдарламасының мақсат-мазмұндарымен тиянақты танысып, кіріктірілген негізде, ойын түрінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлеу, апта сайын циклограмма қурауды тапсырды.

Мемлекеттік тілді менгерту мақсатында ортанғы және ересек топтарында қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетін ұйымдастыру туралы сөз сөйлемді. Өз сезінде 2022-2023 оку жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатта ортанғы топтан бастап мемлекеттік тілді менгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оку бағдарламасында айқындалған сөздік минимумдарды үйрету, түрлі балалар әрекеттінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылатынын айтты.

Әдіскер ортанғы және ересек топтарында аптасына 1 рет қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті кестеге койылғандығын айтты. Сондай-ақ Үлгілік оку бағдарламасындағы қазақ тілі бойынша ортанғы және ересек топтары жастарының біліктілері мен дағдыларының тізбесімен таныстыруды. Қазақ тілін менгерту үшін барлық жас топтарына берілген қажетті сөздік минимумге де токталып таныстырып өтті.

8. ТЫҢДАЛДЫ: Топтардағы ойын аланын ұйымдастыру бойынша көрме-сайысы ұйымдастырылды. 4 топ өздерінің тәрбиеленушілер үшін белгілі бір тақырыпта ұйымдастырылған ойын аландарын ұсынды. Ересек «Күншуак» тобының тәрбиешілері тәрбиеленушілердің коршаган әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің карапайым дағдыларын менгертуге арналған танымдық зияткерлік ойын аланын ұйымдастырылған. Ортанғы «Көгершін» топ тәрбиешілері ұлттық ойындар аланын ұйымдастырылған. I кіші және II кіші топ тәрбиешілері танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорика бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көніл бөлінетіндей, түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыруға баулитынын ойын аланын ұйымдастырып көрсетті. Ойын аландары тақырыптарына сәйкес жабдықталған. Менгеруші Ж.Арынбаева ойын аландарына баға беріп, мақтап мадактап қорытындылай отырып өз ұсыныстарын беріп өтті. Ортанғы топ тәрбиешілері ұйымдастырылған ойын аланы үздік деп танылды.

ШЕШІМІ:

1. Отken кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Топтарда заттық кеңістік органды ұйымдастыру бойынша берілген ұсыныстар орындалсын.
3. Психологиялық тренинг қорытындысы қанағаттанарлық.
4. «Балалардың коммуникативтілік дағдыларының даму деңгейі»
Тақырыпты тексеру қорытындысы қанағаттанарлық.
5. «Балаларды қарым-қатынасқа баулу» тақырыбында балалардың үнін есту бойынша ұсыныстар жұмыс барысында орындалсын.
6. Тәрбиелеу-білім беру процесіндегі, перспектива мен циклограмма құру бойынша айтылған ұсыныстар жүзеге асырылсын.
7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандығы №422 бұйрығы жана ұлгілік оку бағдарламасының мақсат-мазмундарымен тиянакты танысып, кіріктірілген негізде, ойын түрінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық, циклограммалық жоспарлары құрылыш, мемлекеттік тілді менгерту мақсатында ортаңғы және ересек топтарында қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті кестеге сәйкес алтасына 1 рет өткізілсін.
8. Топтардағы ойын алаңын ұйымдастыру көрме-сайысы қорытындысы бойынша ортаңғы топ «Үздік ойын алаңы» марапатымен марапатталсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:
Хатшы:

Ж.Арынбаева
З.Халилаева

**«Дана» бөбекжай балабақшасы
Педагогикалық кеңес хаттамасы № 4**

Откен күні: 25.01.2023 жыл

Катысқандар: 10

Катыспағандар:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. «Балаларды кітап қолдануға баулу» Баяндама
3. «Топтардағы кітап бұрышының қолданылу деңгейі» Шолу тексеру корытындысы
4. «Кітаптарды оқып беру немесе оқылған шығармалардан балалардың әсер алуына ықпал ету» Пікір алмасу
5. Аралық мониторинг корытындысы
6. Топтардағы кітап бұрышы көрме-сайысы
7. Тәрбиешілерге арналған тренинг

- 1. ТЫҢДАЛДЫ:** Менгерушінің м.у.а. Ж.Арынбаева откен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы сөз сөйлемді. Оз сөзінде топтарда заттық кеңістік ортаны үйімдастыру бойынша берілген ұсыныстарды орындау мақсатында біршама аткарылған жұмыстарды атап өтті. Заттық кеңістік ортаның жас топтарына сәйкес және қауіпсіз үйімдастырылғандығын айтты. Сондай-ақ тәрбиелу-білім беру процесіндегі, перспектива мен циклограмма құру бойынша айтылған ұсыныстар жүзеге асырылғандығын және мемлекеттік тілді менгерту мақсатында ортаңғы және ересек топтарында казақ тілі үйімдастырылған іс-әрекеті кестеге сәйкес аптасына 1 рет өткізіліп жатқандығын айттып өтті.
- 2. Балабақша әдіскері** З.Халилаева «Балаларды кітап қолдануға баулу» тақырыбында өз баяндамасын оқыды. Баяндамасында әдіскер З.Халилаева баланың кітап қарауга құмарлығын, үнемі ізденісте болуын, жеке ойының болуы мен дұрыс құндылықтар жүйесінің болуын қалай қалыптастыра аламыз? – деген сұрақты педагогтарға қойды. Тәрбиеші Д.Давранова баланы кітап қарауга көбірек баулуда ескеретін жайтты атап өтті. Балалар жануарлар мен өсімдіктер туралы тыңдағанды жақсы көреді. Пайдалы танымдық мәліметпен қатар, әдемі және сапалы суреттердің болғаны дұрыстығын айтты. Әдіскер З.Халилаева тәрбиеші Д.Давранованның сөзіне толықтай қосылатындығын айта келе, бала өте жылдам өседі, барлығын білгісі келеді, сондықтан барлық сұрақтарына жауап беретін балаларға арналған энциклопедиялар бұл жастағы бала үшін таптырмас кітаптар. Сондай-ақ, кітап-оійн немесе бояғыш кітаптар баланың қоңілін аулап қана қоймай, оның зияткерлік дамуына да септігін тигізеді. Кітап тандау кезінде оның өлшемдеріне назар аудару керек. Егер кішкентай кітап алсаныз, жазуы ұсак болып, баланың көру кабілетіне теріс әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, балалар оқи алмаса да, сөздердің ішінде таныс әріптерді іздейді. Ал ұсак жазудың ішінде таныс әріпті ажыратса алмайды. Иллюстрациялар да көп мән берініз, себебі бұл жастағы балалардың оларды қоршаган болмыс туралы түсінігі суреттерден қалыптасады, сондықтан иллюстрациялар да шынайы және табиғаттың зандарына, басқа да зандарға қайшы болмауы керек. Суреттердің түсі жылы, көзге бірден басылмайтын, баланың нәзік психикасын закымдамайтындей болуы көректігін айтты.

3. ТЫНДАЛДЫ: Әдіскер З.Халилаева «Топтардағы кітап бұрышының қолданылу деңгейінің» шолу тексеру корытындысын таныстырды. Шолу тексеру барысында топтарда кітап бұрышын түрлі иллюстрациялық кітаптармен жабдықтау жұмысы қарқынды болғандығы аныкталғандығын айтты. Сондай-ақ түрлі танымдық –ақпараттық кітаптар да бар екендігін айтты. Топтарды кітап бұрыштарының жабдықталуына топ ата-аналары да тартылғандықтарын айтты.

Менгеруші м.у.а. Ж.Арынбаева педагогтарға балаға үйіктар алдында, кез келген уақытта өртегілер мен басқа кітаптарды дауыстап оқу қажеттігін, дауыстап кітап оқу – баланың демалып, үйқыға дайындалуының ең жақсы жолы екендігін жөнінде кеңес берді.

4. СӨЙЛЕГЕНДЕР: Әдіскер З.Халилаева өз баяндамасынан соң педагог қызметкерлерді «Кітаптарды оқып беру немесе оқылған шығармалардан балалардың әсер алуына ықпал ету» тақырыбында пікір алмасуға шақырды.

Тәрбиеші Г.Сабыркулова суреттері бар кітапты оқу кезінде суретті нұскап, атын айтсак, сол кезде бала сөз беріп суреттің бір екенін түсініп, екеуін байланыстырады. Сондай-ақ, баланың сөздік қорын кеңейтуге септігін тигізетін жөнінде өз ойын білдірді.

Тәрбиеші А.Ержанова бүгінгі таңда жас үрпаққа беріледі мен тәрбиенің өз мәнінде сапалы болуы бірінші кезекте тұрганы анық. Осыған орай рухани қазынаның бірі –кітап. Балаға кітаптарды оқып беріп, оқылған шығармалардан әсер алуына ықпал ету үшін кітап оқу барысында басты кейіпкерге тән мінез-құлыш пен дауыстарды сомдауға ұялмау қажеттігін айтты. Қасқыр болса-қасқыраша ұлып, ит болса-ит болып үрге болатынын айтты. Сонда ғана бала оқылған шығарманы есінен шығармай, оны қайталай алады.

Психолог М.Коспанова балаларды кітапқа қызықтырудың алғашқы кезінде бала кітап оқуға қызығушылығын бірден білдіре қоймайды, сондықтан бірнеше минут отыруы мүмкін, бірақ балаларға кітап оқуды жиі әдетте айналдырсаңыз, баланың кітап тындауға құлшынысы оянып, ұзағырақ отыруы мүмкін. Сондай-ақ, сіздің үнемі кітап оқуды ұсынуыныз, бастамаларыңыз беріп әртістік қабілеттеріңіз балаға кітап оқудың қызық екенін сезіндіруі мүмкін екендігін айттып өз пікірін білдірді. Әдіскер З.Халилаева айтылған пікірлердің манызды екендігін айта келе, біздің басты мақсатымыз – мектеп жасына дейінгі балаларды кітап қолдануға баулу, кітапқа деген қызығушылығын жоғалтып алмау екендігін айттып пікір алмасуды қортындылады.

5. ТЫНДАЛДЫ: Әдіскер З.Халилаева Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын менгеру бойынша мониторинг жүргізуге ендірілген өзгерістерді айта келе, өзгерістерге сәйкес әрбір критерийге берілген үш индикаторға сәйкес балалардың Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеруін, өз білімін қолдана отырып, білік, дағдыларды игеруін, сондай-ақ балалар мен педагогтің күтілетін нәтижеге жету деңгейлерін анықтау мақсатында жүргізілген аралық мониторинг корытындысын таныстырды. Аралық мониторинг корытындысы бойынша әр топтық жиынтық бағалауларын жеке-жеке атап өтті.

6. ТЫНДАЛДЫ: Балабакша әдіскері З.Халилаева 2022-2023 оқу жылында мектеп жасына дейінгі балаларды кітап қолдануға баулуга көп көніл бөлініп, біршама жұмыстар атқарылғандығы жөнінде айттып өтті. Осыған орай балабакшада 4 топта да «Кітаптар көрмесі» өткендігін айтты. Кітап көрмелеріне түрлі өртегі кітаптар мен аудио кітаптар жабдықталғандығын айтты. Кітаптар өте көрнекті, балаларға қолжетімді жерде орналастырылғандығы жөнінде айтты. Кітап көрмесін жасауға топтардың ата-аналары да ат салысқандығын айтты.

Менгеруші м.у.а. Ж.Арынбаева кітап бұрыштарын одан әрі дамытып, көбейтіп, балаларға қызықты болуы, үшін үнемі балаларға кітап оқып, оқылған шығармалардан әсер алуларына ықпал ету қажеттігі жайлы бірнеше ұсыныстарын білдірді.

7. Балабакша әдіскері З.Халилаева педагогикалық кеңес соңында тәрбиешілермен «Біз бір ұжымбыз» атты тренинг жаттығуларын өткізді. Мақсаты: ұжымда ауызбіршілікті, ашықтықты, сенімділік деңгейін эмоционалды еркіндікті орнатуға жағдай жасау.

ШЕШІМІ:

- Краснобай А.А.
Медеанова Г.Н.
1. Откен кенестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
 2. Балаларды кітап қолдануға баулу бойынша айтылған ұсыныстар жұмыс барысында басшылыққа алынсын.
 3. «Топтардағы кітап бұрышының қолданылу деңгейі» Шолу тексеру корытындысы қанағаттанарлық.
 4. «Кітаптарды оқып беру немесе оқылған шығармалардан балалардың әсер алуына ықпал ету» Пікір алмасу қорытындысы қанағаттанарлық.
 5. Аралық мониторинг қорытындысы қанағаттанарлық.
 6. Топтардағы кітап бұрышы көрме-сайысы қорытындысы қанағаттанарлық.
 7. Тәрбиешілерге арналған тренинг қорытындысы қанағаттанарлық.

Педагогикалық кенестің төрайымы:

Хатшы:

**Ж.Арынбаева
З.Халилаева**

**«Дана» бөбекжай балабақшасы
Педагогикалық кеңес хаттамасы № 5**

Откен күні: 25.01.2023 жыл

Катысқандар: 10

Катыспағандар:

КҮН ТӘРТІБІ:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (бұдан әрі–Стандарт) және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен атаанасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру үйымдарының үлгілік қағидасына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес қағиданың 1-қосымшасының 1-тарау, 7), 8) тармақшасында жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша балабақшада жас топтарының толықтырылуы

ТЫҢДАЛДЫ: Менгерушінің м.у.а. Ж.Арынбаева Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (бұдан әрі–Стандарт) және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен атаанасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру үйымдарының үлгілік қағидасына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес қағиданың 1-қосымшасының 1-тарау, 7), 8) тармақшасында жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша балабақшада жас топтарының толықтырылуы туралы Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 27.01.2023-ғы № 230-01/01-51/1656 шығыс хатын таныстырыды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Балабақша әдіскері 3.Халилаева аталған хат негізінде балабақшада топтардың жас ерекшеліктеріне қарай жасақталу жағдайын айтты. II кіші «Тұлпар» аралас тобында 2-3 жастағы балалардың араласып тәрбиеленуінде тәрбиешілерде туындал жатқан қындықтарды, тәрбиешілердің ұсыныстарын ескере отырып, топтағы 2 жасар балаларды I кіші «Балапа» тобына ауыстырып, 3 жастағы балаларды II кіші «Тұлпар» тобына жасақтап, 2 жастағы балаларды кіші «Балапа», 3 жастағы балаларды ортанғы «Тұлпар» тобы етіп 2023 жыл 01 ақпаннан қайта бекітіп беруін сұранды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Аралас топ тәрбиешісі Г.Сабыркулова аралас топтағы бірнеше қындықтарды атап, топтарды жас ерекшеліктеріне қарай қайта бекітіп беруін сұранды.

Менгерушінің м.у.а. Ж.Арынбаева Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 27.01.2023-ғы № 230-01/01-51/1656 шығыс хатын орындау мақсатында, сондай-ақ әдіскер 3.Халилаева мен тәрбиешілердің ұсыныстарын ескеріп, топтарды қайта жасақтауды тапсырды. Жас ерекшеліктеріне қарай қайта топтастыруды әдіскер 3.Халилаевага жүктеді. Қайта топтастырылған топтардың мәліметтің жоғарыда аталған хатта көрсетілген мерзімде Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне тапсыруды тапсырды.

ШЕШІМІ:

Балабақшада аралас II кіші «Гүлпар» тобындағы балалар жас ерекшеліктеріне қарай топтастырылып, 2 жастағы балалар кіші «Балапан», 3 жастағы балалар ортанды «Гүлпар» тобы болып 2023 жыл 01 акпаннан қайта бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:
Хатшы:



Ж.Арынбаева
З.Халилаева

**«Дана» бөбекжай балабақшасы
Кезектен тыс өткізілген педагогикалық кеңес хаттамасы № 6**

Откен күні: 03.03.2023 жыл

Қатысқандар: 10

Қатыспағандар:

Күн тәртібі:

Педагогтер З.Халилаеваға, М.Коспановаға, Д.Даврановаға, С.Наюкановаға,
К.Ахтаеваға модератор біліктілік санаттарын беру туралы

Тыңдалды:

Балабақша менгерушісінің м.у.а. Ж.Арынбаева "Педагогикалық этиканың кейір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканы сактау мәселесі бойынша біліктілік санаттарын беруге үміткер педагогтар туралы қысқаша ақпарат берді.

Халилаева Замира Жахановна 17 жыл еңбек өтілі бар, алған білім жоғары. Оқу тәрбие процесін жоспарлайды және оқу іс-әрекетін үйімдастыра алады. Тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін ескере отырып тәрбиелеу мен оқытуда тиімді тәсілдерді жүзеге асырады. Өзінде бар санат-жоғары.

2018 жылы «Өрлеу» біліктілікті арттыру институтының «Жаңартылған білім беру жағдайында мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін арттыру жолдары тақырыбындағы респубикалық-ғылыми практикалық конференциясына қатысқаны үшін сертификат берілген.

2019 жылы «Ustaz tilegi» Республикалық ғылыми –әдістемелік сайтында оқу әдістемелік материалды жариялағанын растайтын сертификат берілді.

2021 жылы «Ustaz tilegi» ғылыми-әдістемелік орталығы үйімдастырған Облыстық «Үздік әдіскер» пәнінен Тәрбиешілер арасындағы онлайн олимпиадасының II дәрежелі дипломымен марапатталған.

2020 жылы Шымкент қаласындағы Педагогикалық шеберлік орталығында Мектепке дейінгі үйім педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 235 академиялық сағат көлемінде оқу курсын аяқтаған.

2021 жылы «Өрлеу» біліктілік арттыру үлттық орталығында «Мектепке дейінгі білім беру мазмұнының жаңауры жағдайында педагогтердің АКТ технологияларды пайдалануы бойынша кәсіби құзіреттіліктерін дамыту» тақырыбында 72 сағаттық курсын оқыған.

Давранова Данагул Камалбековна 20 жыл еңбек өтілі бар, алған білімі жоғары. Оқу тәрбие процесін жоспарлайды, оқу іс-әрекетін үйімдастыра алады. Тәрбиеленушілердің психологиялық жас ерекшеліктерін ескереді. Тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытуда тиімді тәсілдерді жүзеге асырады. Өзінде бар санаты-жоғары. Білім беру үйімінде аудан деңгейінде іс-шараларға қатысып, 2018 жылы «Мектепке дейінгі үйімның үздік тәрбиешісі» аудандық байқауында өнер көрсеткені үшін «Іскер тәрбиеші» Алғыс хатымен марапатталды. 2021 жылы «Өрлеу» институтының «Жас үрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие берудегі иглікті істер мен шаруашылық ізденістер танытқан белсенділігі мен

кәсіби шеберлігі үшін» марапатталды. 2022 жылы ауданымыздың білім беру саласын дамытуға қосқан зор үлесі, өскелен үрпакка өнегелі тәрбие мен сапалы білім берудегі жетістіктері және кәсіби шеберлігі үшін Құрмет грамотасымен марапатталды. 2023 жылы «Uztaz tilegi» Республикалық ғылыми-әдістемелік сайтында оқу әдістемелік материалдарын жариялады. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаларын сақтайды. 2019 жылы «Педагогикалық шеберлік орталығына» барып біліктілік арттыру курсынан өтіп келген. Тәрбиеленушілерді байқауларға қатыстырып, жүлделі орын алуына ықпал етті.

Балабақша менгерушісінің м.у.а. Ж.Арынбаева Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығы Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына сәйкес педагогтар З.Халилаева мен Д.Давранова есік жүйе бойынша "бірінші", "жоғары" санаттары бар педагогтер "педагог-модератор" біліктілік санатына ауысқан кезде ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді жинақтаудан өтетіні туралы хабардар етті.

Коспанова Малика Илесовна 11 жыл еңбек өтілі бар, алған білім жоғары. Оқу тәрбие процесін жоспарлайды және оқу іс-әрекетін үйімдастыра алады. Өзінде бар санаты-санатсыз. Тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін ескере отырып тәрбиелеу мен оқытуда тиімді тәсілдерді жүзеге асырады.

Білім беру үйімінің аудан деңгейінде іс –шараларға қатысып, 2019 жылы Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткізген табыстары мен білім беру саласына қосқан үлесі үшін «Құрмет грамотасы», 2020 жылы аудандық «Педагогикалық идеялар фестивалі» байқауына қатысып III дәрежелі «Дипломмен» марапатталды. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаларын сақтайды. 2019 жылы Шымкент қаласындағы Педагогикалық шеберлік орталығында Мектепке дейінгі үйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 235 академиялық сағат көлемінде оқу курсын аяқтаган. Тәрбиеленушілерді байқауларға қатыстырып жүлделі орын алуына ықпал етті.

Ахтаева Куляш Лесбаевна 12 жыл еңбек өтілі бар, алған білім жоғары. Оқу тәрбие процесін жоспарлайды және оқу іс-әрекетін үйімдастыра алады. Тәрбиеленушілердің психологиялық жас ерекшеліктерін ескереді. Тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін ескере отырып тәрбиелеу мен оқытуда тиімді тәсілдерді жүзеге асырады. Өзінде бар санаты-санатсыз.

Білім беру үйімінің аудан деңгейінде іс –шараларға қатысып, 2020 жылы Жас үрпакка сапалы білім саналы тәрбие берудегі игілікті істер мен шығармашылық ізденистер танытқан белсенділігі мен кәсіби шеберлігі қосқан үлесі үшін «Мадақтама» марапатталды, 2023 жылы Ushqyr Республикалық білім орталығынан білім беру мекемелерінің арасында үйімдастырылған республикалық олимпиаданың жүлдегерлерін даярлағаның үшін «Алғыс хатпен» марапатталды. 2019 жылы Шымкент қаласындағы Педагогикалық шеберлік орталығында Мектепке дейінгі үйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 235 академиялық сағат көлемінде оқу курсын аяқтаган.

Накжанова Сауле Замидиновна 16 жыл еңбек өтілі бар, алған білімі жоғары. Оқу тәрбие процесін жоспарлайды және оқу іс-әрекетін үйімдастыра алады. Тәрбиеленушілердің психологиялық жас ерекшеліктерін ескереді. Өзінде бар санаты-санатсыз.

«Өрлеу» педагогикалық біліктілігін арттыру институтында іс –шараларға қатысып, 2020 жылы Жас үрпакқа сапалы білім, саналы тәрбие берудегі игілікті істер мен шығармашылық ізденістер танытқан белсенділігі мен кәсіби шеберлігі үшін Мадактама берілді, 2020 жылы «Ең білімді педагог-2020» пәндер олимпиадасына қатысып Сертификат берілді. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаларын сактайды.

2022 жылы Шымкент қаласындағы Педагогикалық шеберлік орталығында «Баланы ерте дамыту бағдарламалары» бойынша 170 академиялық сағат көлемінде оқу курсын аяқтаған.

Шешім:

Педагогтер З.Халилаеваның, М.Коспанованың, Д.Давранованың, С.Накжанованың, К.Ахтаеваның модератор біліктілік санаттарын беру туралы өтініштері Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне ұсынылсын.

Педагогикалық кенестің төрайымы:
Хатшы:

Ж.Арынбаева
З.Халилаева

**«Дана» бөбекжай балабақшасы
Педагогикалық кеңес хаттамасы № 7**

Откен күні: 28.03.2023 жыл

Катысқандар: 10

Катыспағандар:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Откен педагогикалық кеңестің шешімін талдау.
2. «Тәрбиеші –балабақшадағы басты тұлға» Баяндама
3. Эссе «Балабақшадағы бір күнім»
4. Педагогикалық ситуациялық сұрақтар
5. «Тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынас және тәрбиенің маңыздылығы»
Пікір алмасу

- 1. ТЫҢДАЛДЫ:** Менгерушінің м.у.а. Ж.Арынбаева откен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы сөз сөйледі. Өз сезінде Педагогтар З.Халилаеваның, М.Коспанованың, Д.Давранованың, С.Нақжанованың, К.Ахтаеваның модератор біліктілік санаттарын беру туралы өтініштері Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне ұсынылып, педагогтардың портфолиолары он нәтижелі болғандығын айтты. Педагогтар З.Халилаева мен Д.Давранованың ұлттық біліктілік тестіне бармайтынын айтты. Ал педагогтар М.Коспанова, К.Ахтаева мен С.Нақжанова сәуір айының 3-інен тестілеуге өтініш тастау қажеттігін айтты.
- 2. ТЫҢДАЛДЫ:** «Тәрбиеші –балабақшадағы басты тұлға» тақырыбында әдіскер З.Халилаева баяндама оқыды. Баяндамада тәрбиеші тәрбиеленушілердің күнделікті оку-тәрбие жұмысын, демалыс уақытын ұйымдастырады, балаларды тәрбиелейді, мектепке даярлайды, отбасына көмектеседі. Тәрбиеші балалардың жақын досы болуы керек, ал еркелетуге сақтықпен қарған жөн. Бір баланы еркелету басқа балалардың қызғанышын тудырады. Дегенмен, балаларды еркелету де қажет. Тәрбиеші өз талабына ұқыпты болуы қажет. Бала тек адамның жеке басының тікелей тигізетін әсері арқылы ғана тәрбиеленеді. Балабақша тәрбиешісі жас ұрпақты жан-жақты дамытып тәрбие беру, оны өмірге енбекке даярлауда педагогикалық білімді көпшілік арасына насиҳаттау сияқты әрі жауапты, әрі қадірлі қоғамдық міндеттер аткарады.

Балабақша тәрбиешісінің міндеттері:

- а) Балаларды дұрыс тәрбиелеуді қамтамасыз етеді;
- б) Өз тобындағы әрбір баланың қызығуы мен қажетіне ұқыптылықпен, камкорлықпен қарайды;
- в) Балалардың денсаулығын сактауға, корғауға байланысты дәрігер талабын орындаиды;
- г) Балаларды отбасында, балалабақшада тәрбиелеу мәселелері туралы ата-аналармен жұмыс жүргізеді;
- д) Аудандық, қалалалық әдістемелік бірлестіктерде, балабақшада педагогикалық кеңестің жұмысына қатысады;
- е) Балалармен жүргізілетін өз жұмыстары туралы жоспар құрады, есеп береді, әрбір сабакқа ұқыпты дайындалады.

Балалар тобын тәрбиеші мектепке шығарып салғанға дейін жетелейді. Тәрбиеші жас ұрпақтың бойына тәрбиенің алғашқы негіздерін қалыптастытра алатын, адамгершілік жоғары, мәдениетті, ғылым жетістіктерін дұрыс бағалай алатын, әдебиет пен өнердің,

техниканың даму жайын жақсы білетін, оның түсіндіре алатын адам болуы керек. Ондай тәрбиешіні балалар жақсы көреді, сыйлайды, құрметтейді, оған жақын жүргісі келеді, оның балалар арасында беделі зор болады.

Тәрбиешіге қойылатын талаптар:

1. Тәрбиеші болатын адам өзінің мінезін, жүріс-тұрысын жөнге салып, балалар іс-әрекетін дұрыс үйымдастыра білуі керек;
2. Арнаулы білім, білік пен іскерлік- дағдыны менгеруі керек;
3. Баламен еркін, жақын тарта сөйлесе білуі керек;
4. Ол өзінің көзқарасымен, ым-ишарасымен де өз ойын балаға жеткізіп, түсіндіре алуы керек;
5. Жұмысты үйымдастыра біlet, тиісті жерінде қatal талап қоя алатын болуы, кейде әзілдесіп, тиісті жерде көніл аудара алатын болуы шарт;
6. Тәрбиешінің әrbіr кимылы, жүріс-тұрысының өзі балаларға өнеге, тәлім – тәрбие берерлікте болуы тиіс.

Тәрбиеші –педагогтың бейнесі:

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беру мазмұны, әдіс-тәсілдерін жетік білуі.
 - Материалды түсінікті жеткізе білу.
2. Сабакты өткізу әдістемесі.
 - Балалардың оку тәрбие жұмыстарын дұрыс үйымдастыра білуі және баланың іс-әрекетін дұрыс бағалай білуі;
- Корыта келе, тәрбиешінің қызметі мен міндеттерін анықтаң, тәрбиешінің жеке басына қойылатын талаптарға тоқталдық. Тәрбиешінің педагогикалық шеберлігі және қызметінің ерекшелігі айтылып, тәрбиешінің балабақшада оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасын басшылыққа алып жұмыс жүргізу жолдары карастырылады.
3. Менгерушінің м.у.а. Ж.Арынбаева педагог мамандар арасында «Балабақшадағы бір күнім» тақырыбында эссе жазуды ұсынды. Эсседе тәрбиешілер өз мамандықтары бойынша балабақшада өткізген бір күндік жұмыстарының есебін саралай отырып, өз жұмыстарына өздері баға бере отырып, алға мақсат қоятынын айтты. Эссе 300 сезден аспауы қажеттігін айтты. Соңдай-ақ берілген уақытты тиімді пайдалануды ескертті. Жазып болған тәрбиешілердің эсселерінің мәтінін тыңдай келе, әр тәрбиешінің өз мамандығына деген жауапкершілігінің жоғары екендігін, қызықты да қын жұмыстарынан жалықтай, алға мақсат қойғандықтарын байқады. Тәрбиешілер де эссені жаза отырып, өз ойларын анық жеткізіп, өз жұмыстарының нәтижесін байқады. Өз-өздеріне есеп беріп үрениулеріне ықпал етті.
4. Әдіскер З.Халилаева педагог мамандар арасында педагогикалық ситуациялық сұрақтар бойынша дөнгелек үстел өткізді. Онда тәрбиешілердің күнделікті жұмыс барысында кездесетін жағдаяттар талқыланды. Менгерушінің м.у.а. Ж.Арынбаева жағдаяттарға байланысты бірнеше ұсыныстар айтты.
5. Менгерушінің м.у.а. Ж.Арынбаева педагог қызметкерлерді «Тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынас және тәрбиенің маңыздылығы» пікір алмасуға шақырды.

Сойлегендер: Әдіскер З.Халилаева: Еліміздің болашағы -бүгінгі балалар . Ал олардың қандай азamat болып шығуын қадағалау- қазіргі балабақша мектептерге, тәрбиеші мұғалімдерге тікелей жүктелетін жауапты жұмыс. Соңықтан да мектеп жасына дейінгі балалардың өзара және ересектермен арасындағы қарым- қатынасы аса маңызды өзекті мәселе болатыны сөзсіз,-деп өз пікірін білдірді.

Тәрбиеші Д.Давранова Тәрбиеші мейірбан болып, балаларды сол қалпында суюге тиісті. Тентегін де тіл алғышын да, жалқауын да, ыждахаттысын да бірдей жақсы көру парыз. Тәрбиеші үнемі кәсіби

шеберліктерін шындалп, білімін жетілдіруге жүйелі көңіл бөліп, ұжымның шығармашылық бағыт-бағдарын айқындалп, оны жүзеге асыруға белсенділікпен ат салысуға және жағымды психологиялық ахуалдың тұрақтануына ықпал етуі қажет,-деп өз ойын қосып өтті.

Психолог М.Коспанова Халықта «Ағаш түзу өсу үшін, оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айттылмаған. Сондыктан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сініріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқаратынын айтты.

Қорыта айтқанда, бала тәрбиесіндегі балабақшаның орны ерекше. Тәрбиешінің алға койған мақсаты, баланың бойына ұлттық саналық қалыптасқан, халқының әдет-ғұрпын салт-дәстүрлерін көңіліне тоқыған дені сау, шымыр да шыныққан, сымбатты, халықтың тілін білетін, рухани байлығы мол, жан-жақты азamat тәрбиелеп өсіру Тәрбиенің негізгі мақсаты- дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбеккор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан үрпак тәрбиелеу деп, менгерушінің м.у.а. Ж.Арынбаева пікір алмасуды қортындылады.

ШЕШІМІ:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешіміндерінің орындалуы қанагаттанарлық.
2. «Тәрбиеші -балабақшадағы басты тұлға» баяндауда айтылған кеңестер мен ұсыныстар жұмыс барасында колданылсын.
3. «Балабақшадағы бір күнім» тақырыбындағы эссе қортындысы қанагаттанарлық.
4. Педагогикалық ситуациялық сұраптарды шешу барысындағы ұсыныстар мен кеңестер жұмыс барысында колданылсын.
5. «Тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынас және тәрбиенің маңыздылығы» пікір алмасу қортындысы қанагаттанарлық.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:
Хатшы:

Ж.Арынбаева
З.Халилаева

**«Дана» бөбекжай балабақшасы
Педагогикалық кеңес хаттамасы № 8**

Өткен күні: 05.04.2023 жыл

Катыскандар: 11

Катыспағандар:

KҮН ТӘРТІБІ:

1. 2023 жыл маусым айы мемлекеттік аттестаттаудан өту кезеңі.
2. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру үйымдарындағы бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып, бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау комиссия құрамын және өзін-өзі бағалау кезеңін бекіту.

ТЫНДАЛДЫ: Балабақша менгерушісінің м.у.а. Ж.Арынбаева Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру үйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары), Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2022 жылғы 9 қарашадағы №818 бұйрығымен бекітілген 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауга жататын білім беру үйымдарының тізбесі негізінде, 2023 жылғы маусым айында МКҚК «Дана» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік аттестаттаудан өткізілетін айтты.

Бағалау өлшемшарттары негізінде облыстық білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне өзін-өзі бағалау қорытындысын бақылау жүргізуін жоспарланған мерзіміне дейін бір айдан кешіктірмей ұсыну қажет.

Өзін- өзі бағалау құжаттарын жүргізу үшін алдымен балабақшаны өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясы құрылады. Менгеруші м.у.а. Ж.Арынбаева педагогтармен бірге ақылдаса отырып, өзін-өзі бағалау, аттестаттау комиссия құрамын анықтады:

1. Ж.Арынбаева – балабақша менгеруші м.у.а., комиссия төрайымы
2. З.Халилаева – балабақша әдіскері, комиссия мүшесі
3. М.Коспанова – балабақша психологі, комиссия мүшесі
4. Д.Давранова – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі
5. С.Наканова – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Әдіскер З.Халилаева сөз алғып, өз пікірін білдірді. Комиссия құрамымен Өзін-өзі бағалау іс-жоспары түзіледі және соған сәйкес жұмыстар жүргізіледі. Бағаланатын кезеңдерге сәйкес талдау жасалатын құжаттар дайындалады және олардың түпнұсқалары ПДФ форматында сканерленіп сайтқа жүктелетіні жайлы айтты.

Менгеруші м.у.а. Ж.Арынбаева 2023 жылы сәуір айының 10-14 аралығында өзін –өзі бағалау жүргізу кезеңі болатынын айта келе, комиссия құрамы балабақшага бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сийекестігіне егжей-тегжейлі талдау жүргізетінін айтты.

ШЕШІМ:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттың қосымшаларына сәйкес күжаттар әзірленсін.
2. Өзін-өзі бағалау, аттестаттау комиссия құрамы:
 1. Ж.Арынбаева – балабакша менгеруші м.у.а., комиссия төрайымы
 2. З.Халилаева – балабакша әдіскері, комиссия мүшесі
 3. М.Коспанова – балабакша психологі, комиссия мүшесі
 4. Д.Давранова – балабакша тәрбиеші, комиссия мүшесі
 5. С.Наканова – балабакша тәрбиеші, комиссия мүшесі болып бекітілсін. 2023 жылы сәуір айының 10-14 аралығында өзін –өзі бағалаудан өткізілсін. Бағаланатын кезеңдерге сәйкес дайындалған күжаттарға білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне егжей-тегжейлі талдау жүргізілсін.

Педагогикалық кенестің төрайымы:
Хатшы:

Ж.Арынбаева
З.Халилаева

**«Дана» бөбекжай балабақшасы
Педагогикалық кеңес хаттамасы № 9**

Откен күні: 24.05.2023 жыл

Қатысқандар: 11

Қатыспағандар:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы
2. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарына есеп беруі.
3. Қорытынды мониторинг туралы.
4. 2022-2023 оку жылының қорытындысы
5. Жазғы сауықтыру іс-шаралар жоспарын бекіту
6. Педагог қызметкерлер арасында «Білімді мынды жығар» сайысы.

ТЫНДАЛДЫ: Менгерушінің м.у.а. Ж.Арынбаева откен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы сөз сейледі. Өз сөзінде откен кеңесте қаралған мәселелердің орындалуы жайлы айттып өтті. 2023 жылы маусым айында болатын мемлекеттік аттестаттауға дайындық барысы жайлы айтты. Балабақшада құрылған өзін-өзі бағалау комиссиясы өз дәрежесінде жұмыстарын атқарғандығы жөнінде және де құжаттар арнайы сайтқа жүктелгендігі жөнінде айтты.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Әдіскер З.Халилаева тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарына есеп беруі жөнінде сөз алды. Өз сөзінде оку жылышын басында педагог қызметкерлерге бекітілген тақырыптар бойынша шығармашылық жұмыстарының есептерін беруін сұранды.

Педагог қызметкерлер өз тақырыптары бойынша жыл бойы ізденіп, жинақтаған мәліметтерімен, тәжірибелерімен бөлісті. Тәрбиелеу мен оқытудың тиімді әдістерін пайдалана отырып өткізген ұйымдастырылған іс-әрекеттер, ойындар мен іс-шараларын атап өтті.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Әдіскер З.Халилаева 2022-2023 оку жылышындағы мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, қабілеттері мен дағдыларының даму деңгейін қағағалау бойынша қорытынды мониторинг жайлы сөз сейледі. Өз сөзінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасының мазмұнын менгеру бойынша қорытынды мониторингтің бақылау параметрлерін арнайы берілген сілтемелер арқылы топ тәрбиешілері өз топтарында тәрбиеленушіге жеке-жеке толтырғандығы жөнінде айтты. Жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, қабілеттері мен дағдыларының даму деңгейін анықтай отырып, жеке даму карталары да толтырылғандығын айтты.

Менгерушінің м.у.а. Ж.Арынбаева мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасының мазмұнын менгеру бойынша қорытынды мониторинг нәтижесі жақсы екендігін айта келе, ойын арқылы оқыту, кітаппен және жаттығу-тапсырмалары арқылы оқытып, дамытуши ойындармен топтардың білім біліктірі жетілдірілгендейдігін айтты. Балалардың шығармашылық белсенділіктері жақсы. Жасына сай бағдарлама талаптарын игергендейдігі байқалғандығын айтты.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Әдіскер З.Халилаева 2022-2023 оку жылышын қорытындысы жөнінде сөз сейледі. Өз сөзінде 2022-2023 оку жылы барысында балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес өткізілген іс-шараларга тоқталды. Жыл бойында 5 рет менгеруші жанындағы кеңестер, жоспар бойынша 5 рет, кезектен тыс 4 рет педагогикалық кеңес болып өткендігін айтты. Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттер мен мерекелік іс-шаралар тақырыптарына сәйкес болғандығын айтты. Өз мерзімдерінде ата-аналар жиналыстары өткізіліп, балабақша ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста болғандығын айтты. Бақылау мен

басшылық бойынша тәрбиелу мен оқыту үдерістеріне тексерулер өткізіліп, талқыланып отырды. Берілген ұсыныстар өз мерзімдерінде орындалып отырғандығын айтты. Сондай-ақ 2023 жыл 10-14 сәуір аралығында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша апталық өткізілді. Қорыта келе, балабақшадағы барлық өткізілген іс-шараларды атап, келесі оқу жылына жаңа жұмыс жоспарлары жоспарланатыны жайлы айтты.

ТЫНДАЛДЫ: Менгерушінің м.у.а. Ж.Арынбаева жазғы сауықтыру іс-шаралар жоспарымен таныстыруды. 01.06.2023 жылдан бастап балабақшаның жазғы жұмыс тәртібіне көшетіндігі жөнінде айтты. Ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарлары жаз мезгіліне сәйкестендіріліп жоспарланғандығын айтты. Балаларды шынықтыру, енбекке баулу, ойындар өткізу жоспарланғандығын айтты. Мейірбике С.Коспановага жаз мезгілінде балалардың денсаулығын басты назарда ұстауды тапсырды. Іш ауруларының алдын алу бойынша атап-аналармен сұхбаттар жүргізуі тапсырды. Жаз айларындағы күн тәртібі ерекшеліктерін, тамақ құрамының дұрыс болуын өзі қадағалайтынын айтты.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Әдіскер З.Халилаева педагог қызметкерлер арасында «Білімді мынды жығар» сайысы өткізілгендерін айта келе, сайыс қорытындысы бойынша анықталған жүлгөрлер арнаіы марапаттау қағаздарымен марапатталатынын айтты.

ШЕШІМІ:

1. Откен кенестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарына есеп қанағаттанарлық.
3. Қорытынды мониторинг нәтижелері қанағаттанарлық.
4. 2022-2023 оку жылының қорытындысы қанағаттанарлық.
5. Жазғы сауықтыру іс-шаралар жоспары бекітілсін.
6. Педагог қызметкерлер арасында «Білімді мынды жығар» сайысы нәтижесінде женімпаздар марапатталсын.

Педагогикалық кенестің төрайымы:
Хатшы:

Ж.Арынбаева
З.Халилаева

Жіп еткілді, немірленди
М. А. бет мөр басынан
Менгеруш М. А.
Марынбаева

